

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы әкімінің 2025 жылғы 3 қыркүйектегі № 9 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2025 жылғы 07 тамыздағы № 17 Әуликөл ауданы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әуликөл ауылының әкімі ШЕШТІ :

1. "ИНСПЭК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне әкімшілік ғимарат пен гаражды газбен жабдықтау үшін газ құбырын салу үшін жалпы ауданы 0,0038 гектар Әуликөл ауылы, Байтұрсынов көшесі аумағында орналасқан жер учаскесіне қоғамдық сервитут орнатылсын.

2. "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберілсін;

2) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" ММ интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Шаймерденов